

Ф.Н. Жумабекова¹, А.Ж. Салиева¹
Ю.С. Токатлыгиль¹, Э. Ванхемпинг²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Скандинавиялық академиялық ұтқырлық институты, Сейняйоки, Финляндия
(E-mail: zhumabekova.58@mail.ru, aigul.enu@yandex.ru, tokatligil.y@yandex.ru, treningcom@mail.ru)

Мектепке дейінгі білім беру мамандарының ғылыми зерттеу даярлығын жаңарту жағдайында инновациялық технологияларды пайдалану¹

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі білім беру мамандарының ғылыми-зерттеу даярлығын жаңарту жағдайында инновациялық технологияларды қолданудың өзекті мәселелері қарастырылады. Педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге, нормативтік-құқықтық құжаттарға, отандық және шетелдік тәжірибеге талдау жасалды. Теориялық материалдарды жалпылау және оларды жүйелеу нәтижесінде инновациялық технологияларды қолдану жолдары, кезеңдері, тенденциялары нақтыланды. Сондай-ақ инновациялық технологияларды практикада тиімді пайдалануға қызығушылық пен мотивацияны анықтау мақсатында «6B012-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы» бағыты бойынша 2 курс студенттеріне инновациялық технологияларды іс жүзінде тиімді пайдалануға деген қызығушылық пен мотивацияны анықтау мақсатында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері ұсынылды.

Түйін сөздер: жаңғырту, құзіреттілік, ғылыми-зерттеу даярлығы, инновациялық технология, кәсіби даярлық, мамандар даярлау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-133-4-63-76>

Түсті: 14.10.2020 / Жарияланымға рұқсат етілді: 11.12.2020

Кіріспе. Инновация және цифрлық технологиялар – заман талабы. Цифрлық технология қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде. Соның нәтижесінде денсаулық сақтау мен білім беру, қала тіршілігі, жалпы адамның күнделікті өмірі айтарлықтай өзгеріп, жаңа сипатқа ие болуда. Соған қарай коммуникациялар мен ақпараттық жүйелерге және көрсетілетін қызметтерге жаңа талаптар қойылуда. Серпінді дамып келе жатқан алдыңғы қатарлы мемлекеттер цифрлық экономиканы дамытуға белсенді түрде басымдық беруде. Бұл – жаһандық күн тәртібінің аса маңызды бағыты. Цифрлық экономиканы қалыптасты-

руда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген елдерге тән ортақ сипат бар. Ол – инновацияны енгізуге қолайлы жағдай туғызып, цифрлық технологиялар мен инфрақұрылымға қомақты инвестиция салу болып табылады– деп атап көрсетті [1].

«Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру бағытында еліміздің білім беру саласы келеді табыстарға қол жеткізді [2]. Ұлт Көшбасшысының білім беруді жаңа сапаға көтеру, оқытудың тиімді жүйесіне көшу, ғылыми зерттеулерді инновациялық үдеріске қосу арқылы әлемдік деңгейге көтеру тура-

¹Аталған зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № АР 08956538)

лы тапсырмаларын басшылыққа ала отырып, мемлекетіміздегі білім беру жүйесінде ұтымды модернизациялануда. Білім берудің теориялық-әдіснамалық негізін, ғылыми-тұжырымдамалық ұстанымдары мен парадигмалық модельдерін, даму үдерісін анықтап, қоғамымыздың басты бағытына қарай бұру - білім жүйесінің бүгінгі және болашақтағы ісі. Осыған орай, еліміздің білім саласына қатысты ірі мемлекеттік көлемде жасалған қадамдар шығармашылық әлеуеті қалыптасқан күзиретті болашақ педагогтың кәсіби мәнді тұлғасын жетілдірудің өзекті екендігін дәлелдейді.

Қазіргі кезеңде болашақ мамандардың ғылыми-зерттеу дайындығына цифрлық технологияларды сапалы, тиімді пайдалана алуы маңызды зор. Ал іс жүзінде университет түлектерінің осы қызметті жүзеге асыруға жеткілікті дайындығы жоқ болғандықтан кәсіби мақсатта зерттеу жүргізу көзделуде. Атап айтқанда, академиялық жазу, ғылыми мәтінді сыни тұрғыдан талдау, психологиялық-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, нәтижелерін ұсыну дағдылары нашар қалыптасқан. Жоғарыда аталған проблема практиктердің кәсіби мақсатта зерттеу жүргізуде қиындық тудыратындығына әкеледі.

Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Сондықтан да қазіргі уақытта мамандық атаулының барлығы дерлік бейімділікті, ептілікті, ерекше ой қызметін ғана емес, мектеп ұжымынан үлкен жауапкершілікті, қызу белсенділікті талап етеді. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ЖОО мектепке дейінгі тәрбие мамандарын даярлауда және оны жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің кезек күттірмейтін көкейкесті мәселесі. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде өзгермелі өмірге табысты бейімделуге қабілетті жас ұрпақты қалыптастыруда мамандарды даярлау мәселесі маңызды болып табылатындығын ғалымдардың көп жылдық зерттеулері дәлелдеп берді. Қазіргі кезде егемен еліміздің білім саласы әлемдік білім беру кеңістігіне ену және нәтижеге бағдарланған білім мен тәрбие беруді жүзеге асыру сияқты жауапкершілігі мол үлкен өзгерістерге бағыт алып отыр.

Бұл мақсатты жүзеге асыруда маман кәсіби білімі, іскерліктері мен дағдылары арасындағы үзіліп қалған байланыс қайта жалғасын табуы керек. Болашақ маманның жеке тұлғалық позициясын, оның кәсіби білімі мен іскерліктерін біріктіру арқылы жүзеге асыру маңызды болмақ. Бұл біріктіру жалпы қосынды емес, сапалық жағынан жаңа құрылым болып, тұтастығы мен ішкі құрылымы жаңа типті тәрбиеші даярлау мен қалыптастыру мақсатына жетудің жолдарын қарастыруды талап етеді. Сонда елдің экономикалық қуаттылығын дамытуда бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау міндеттерін жүзеге асыратын бірден-бір күш - жоғары оқу орындары болып саналады. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда зерттеу жүргізіліп отырған кезеңде мектепке дейінгі ұйымдарда арнаулы мамандардың жеткіліксіздігі бүгінгі таңда қызмет жасап отырған мамандардың кәсіби күзиреттілігін және ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін арттыруды, инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдаланудың тиімді жолдарын анықтауды қажет ететіндігі байқалды.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеумет-

тік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Қазақстандық жоғары оқу орындары мен Финляндиядағы жоғары оқу орындарының мектепке дейінгі білім беру мамандарының ғылыми-зерттеу даярлығы мазмұнының аналитикасы салыстырмалы түрде ұсынылады. Финляндия университеттерінің үздік идеяларына сүйене отырып, Қазақстандағы жоғары білімнің ұлттық ерекшелігін ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру мамандарын даярлаудың өзгертілген мазмұны ұсынылады.

Зерттеудің тұжырымдамасы. Жоғары оқу орындарында мамандар даярлауда ғылыми-зерттеу даярлығын қалыптастыру білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, бірақ іс жүзінде университет түлектерінің осы қызметті жүзеге асыруға жеткілікті дайындығы жоқ болғандықтан кәсіби мақсатта зерттеу жүргізу көзделуде. Атап айтқанда, академиялық жазу, ғылыми мәтінді сыни тұрғыдан талдау, психологиялық-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, нәтижелерін ұсыну дағдылары нашар қалыптасқан. Жоғарыда аталған мәселе практиктердің кәсіби мақсатта зерттеу жүргізуде қиындық тудыратындығына әкеледі. Қазақстандағы білім берудің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып мектепке дейінгі білім беру мамандарының ғылыми-зерттеу дайындығын сапалы түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында әр кезең өзінің жеке тұғырлы міндеттерін шешуге тиіс. Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында мамандарды дайындауды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеудің маңыздылығын ашуды көздедік. Сонымен қатар, аталған мәселеде отандық және шетелдік алдыңғы қатарлы тәжірибені саралау жұмыстары жүргізіліп оның нәтижелері басылымдарда жарияланды.

Зерттеудің мақсаты – шетелдік тәжірибелерді зерделей келіп, Қазақстандағы жоғары білім беруде инновациялық технологиялар-

ды пайдалану арқылы студенттердің ғылыми-зерттеу даярлығын анықтау, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, оны тәжірибеде жүзеге асыру.

Зерттеу әдістері. Мәселелерді шешу және гипотезаны тексеру үшін осы зерттеу тақырыбына сәйкес келетін әдістер жиынтығы қолданылды: Теориялық әдістер – зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерді зерттеу, көп компонентті, салыстырмалы, тұжырымдамалық зерттеу, салыстыру, жалпылау, реферат жазбалар, дәйексөздер, деректерді жазу, шолу, шолу. Бұл әдістер тобы қазақстандық жоғары оқу орындары мен Финляндиядағы жоғары оқу орындарындағы ғылыми зерттеулердің қазіргі жағдайын талдау кезеңдерінде, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру мамандарының ғылыми-зерттеу даярлауының өзгертілген мазмұнын енгізу нәтижелерін әзірлеу және талдау кезінде қолданылады.

Эмпирикалық әдістер – ұйымдастырушылық-әдістемелік құжаттаманы, сауалнаманы, тестілеу, әңгімелесу, сұхбат, ғылыми салыстыру әдістері, нәтижелерді сандық және сапалық талдау.

Зерттеу мәселесінің дамуы. Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбие мамандарын кәсіби даярлаудың қазіргі кезеңдегі жай-күйіне талдау жасауда жоғары оқу орындарының алдына әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзыретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отырғандығы анықталды. Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктің жоғары деңгейін игерген маман ретінде даярлау мәселесін тудырады. Ол үшін ЖОО-да оқу-тәрбие үрдісінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін дамытуда тәрбие жүйесіне басымдылық беру қажет деп есептейді. Атап айтсақ, әрбір білім алушының жеке басына құрметпен қарау, болашақ маманның қазіргі және болашақ өмірін болжай білуіне бағыт беру, өмірлік

жоспарын құра білуі, таңдаған мамандығы бойынша қызметте өсуіне педагогикалық қолдау көрсету т.б. Жоғары білім берудің мақсаты болашақ маманды кәсіби іс-әрекетке даярлау, бейімдеу ғана емес, кәсіби күзіретті маман тәрбиелеп шығару болуы тиіс. Осыған сәйкес кәсіби педагогикалық білім беру жүйесін түбегейлі өзгертуде оны кезең-кезеңмен жүзеге асыру қажет.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру үшін инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеру маңызды болып табылады. Инновациялық үдерістерді зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үдерісіне басшылық жасау мәселелерін алыс және жақын шетел ғалымдары: К.Ангеловский, М.В.Кларин, В.Я.Ляудис, М.М.Поташник, С.Д.Поляков, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова, В.И.Загвязинский, П.И.Пидкасистый, Н.И.Лапкин, А.И.Пригожин, Ю.Н.Кулюткин, А.К.Маркова, Н.Д.Никандров, Я.А.Пономарев, В.А.Сластенин, Л.С.Подымова, Л.Н.Фридман т.б. өз еңбектерінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасында білім беру саласындағы педагогикалық инновация мен оқытудың жаңа технологиясын: Н.Н.Нұрахметов, Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова, Е.З.Батталханов, Қ.Қ.Қадашева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Г.К.Нұрғалиева, К.Бұзаубақова, С.Д.Мұқанова, Н.И.Хван, Л.Е.Румянцева, М.М.Мұқаметқалиқызы т.б. педагог ғалымдар зерттеген.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру ұйымдарының басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару педагогтердің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық еңбегінің жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің, оқушының, тәрбиеленушілердің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған инновациялық технологиядарды меңгеру-

ге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім беру стандарты деңгейінде оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа инновацияларды тәжірибеге ендіруді көздейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы инновациялық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар, мұғалімдер инновациялық технология және интерактивті әдістерді тиімді пайдалана отырып оқу үдерісінің сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Заманның жаңа даму сатысында білім беру жүйесі қоғамның жаңа экономикалық саясат, әлеуметтік және интеллектуалдық деңгейіне сай келуі тиіс. Осыған орай білімнің мақсаты, мазмұны және оны оқыту тәсілдері қайта қаралып, оқу жүйесін реттеу, ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуды қажет етеді. Жаңа адамды тәрбиелеу мен оқытуда жоғары мектептің алатын орны ерекше. Оның қызметі үнемі даму үстінде. Жаңа заман талаптарына сәйкес оның дамуы көптеген қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді шешуді қамтамасыз етуі керек.

Мамандардың пікірінше, ХХІ ғасырда тиімді білім беру жүйесін жасайтын жас ұрпақтың ақыл-ой және рухани әлеуетін барынша дамытуға мүмкіндігі бар ұлт қана озат бола алады. Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру жүйесін дамыту стратегиясының мақсаттары мен міндеттері 2020 жылға дейін білімді дамыту стратегиясының негізгі қағидаларына байланысты іске асырылуда. Бүгінгі ғаламдық білім беру кеңістігіне сай білім беру, жаңаша, ойлауды дамыту, өзінше ғылыми тұжырым жасауға, олардың қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, болашақ мамандарға өзінің іс әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызу - көкейкесті мәселе болып табылады. Өйткені, тек жоғары білімді маман ғана қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өркендеуінің көшбасшысы бола алады.

Білім саясатының өзекті мәселелері – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың фор-

малары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру, қазіргі заман техникасы мен инновациялық технологияларды жоғары деңгейде қолдана білу болып табылады.

Аталған мәселелерді жүзеге асыруда жоғары мектепте берік те тиянақты білім беруде инновациялық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарын қарастыру, білімгерлердің жаңаша ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды қызықтыра алу, оқу үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыруға баса назар аударылуы қажет.

Жоғары мектептегі оқу үдерісінде білімгерлердің өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз, оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білуі, алған білім-білік дағдыларын қазіргі ғылым мен техника жаңалықтарымен байланыстыра алуы, оны салыстыра қарастыруы, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттері төмен деңгейде және өмірлік дағдылары әлі де қалыптаспаған. Ал мұның басты себебі қайда жатыр және оны шешу үшін, оқытушылар қауымы білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды оқып үйреніп, оны өз іс-әрекетінде тиімді пайдалана алуы қажет деп есептейміз. Бүгінде білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологияларды тиімді пайдалана білуге баса назар аудару керек.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие мамандарының және балабақшада қызмет жасайтын тәрбиеші педагогтардың инновациялық технологияларды пайдалануы аса өзекті мәселе болып қалып отыр. Соңғы жылдары осы саладағы жұмыстардың көлемі арта түсіп, жалпы педагогикалық инновацияға, оның ішінде инновациялық білім беру үдерістеріне қатысты бірқатар аспектілер зерттеле бастады, бірақ мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдалану мәселесі әлі де жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Инновациялық технологияларды пайдалану – педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үдерісі болып табылады.

Білім беру саласындағы оқытудың инновациялық технологияларын меңгеру «болашақ маманның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі» деп көрсетеді С.В. Селевко [3].

Қазіргі кезеңде жоғары мектепте оқытуда болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуына, дамуына ықпал ететін төмендегідей әртүрлі сипаттағы инновациялар енгізілуде:

- кредиттік жүйеде оқыту;
- сын тұрғысынан ойлау (АҚШ: Дж. Стил, К.Мереди, Ч.Темпл, Қазақстанда: С.Мерсейітова т.б.)
- дамыта оқыту (Ресейде: Л.В.Занков, Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов, Қазақстанда: Б.А.Тұрғынбаева т.б.);
- тірек және сызба белгілері арқылы оқыту (В.Ф. Шаталов);
- оздыра оқыту технологиясы (С.Н. Лысенкова);
- сынып ішілік деңгейлік саралау (Н.П. Гузик);
- саралап-деңгейлеп оқыту технологиясы (В.В.Фирсов, Н.П. Гузик);
- топтық және ұжымдық оқыту технологиясы (И.Д. Первин, В.К.Дьяченко);
- Сатылай кешенді талдау технологиясы (Н.А. Оразахынова);
- Компьютерлік оқыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Мультимедиялық технология;
- Жобалау технологиясы т.б.

Болашақ педагогтерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам педагогі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс [4].

Қазіргі таңда кәсіби даярлықты жүзеге асырудың мақсаты: мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту, болашақ мамандарға балабақшалардың оқу-тәрбие үдерісіне заманауи білім беру бағдарламалары мен инновациялық технологияларды тиімді пайдалануына жағдай жасау.

Міндеттері:

- инновациялық технологияларды дұрыс таңдау және оны тәжірибеде қолдана білу және әдіс - тәсілдерді тиімді пайдалану;

- болашақ мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдау, кәсіби құзіреттілігін дамытуда инновациялық технологияларды пайдалану;

- қазіргі кезеңдегі білім беру жағдайында педагогтарға ғылыми – теориялық, әдістемелік көмек көрсету, өзара тәжірибе алмасу;

- мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы озық іс-тәжірибе насихаттау және әдістемелік көмекші құралдар дайындау;

- инновациялық технологияларды енгізу туралы іздену, таңдау жасау, бұдан кейін тәрбиешілермен арнайы мамандардан шығармашылық топ құру, әр топ мүшелерінің жұмыстарын үйлестіру, саралап таңдау жасау және осы мәселе төңірегінде тұрақты, жүйелі тәжірибелік жұмыстарды жан-жақты дайындақпен тәжірибеге енгізуге баса назар аудару.

Бұл мақсат, міндеттерді іске асыруда инновациялық технологияларды тиімді пайдалану тәрбиеші-педагогтің шығармашылық қабілеті мен ізденістерін арттырады. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің сапасы жақсарады. Өз қызметін әріптестерінің қызметімен салыстырады, оның тиімділігін бірізді талаптар бойынша жан-жақты бағалауға үйренеді. Ұжымдық талдау жасауға, ұжымдық еңбек нәтижесіне бірлесе жетуге, өз жұмысын жүйелі, тиімді ұйымдастыруға, өзінің кәсіби қасиеттерін өзіндік бағалау мен өзіндік тануға көшуге, өзіне және басқаларға талап қоя білуге дағдыланады. Мамандығына деген қызығушылығы, ынта-ықыласы арттырылып, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасады.

Деректер жинау. Болашақ мамандарды теориялық алған білімдерін тәжірибеде пайдалану үшін арнайы педагогикалық практикадан өтетін базалық мектепке дей-

інгі ұйымдармен тығыз байланыс орнатып, жыл бойын жүргізілген жұмыстардың қорытындысы ретінде дөңгелек үстел өткізілді. Мұнда мектепке дейінгі білім беруді жетілдірудің ғылыми-әдістемелік негіздері және қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдаланудың бүгіні мен болашағы жайында «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы, мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері, әдіскерлер мен тәрбиешілер, психолог мамандар мен магистранттар қатысып өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Болашақ мамандардың инновациялық технологияларды тәжірибеге пайдалану мақсатында Нұр-Сұлтан қаласындағы базалық балабақшалармен тығыз байланыс орнаттық. Кезекті тәжірибелік жұмыстар үнемі, тұрақты жүргізіліп отырды. Сондай-ақ, жоғарғы деңгейдегі жақсы материалдық жағдай жасалған балабақшаларға студенттерді апарып, материалдық базасымен, оқу-тәрбие жұмыстарының барысымен таныстырдық. Атап айтқанда: «Қарлығаш», №7 «Аққу», №27 «Балауса», №45 «Самұрық», № 46 «Самал», №54 «Нұрай», «Айгөлек», №95 «Алматы» т.б. балабақшаларда STEAM зертханалар, (робототехника негіздері, мини-роботтар, 3D) құрылғы, «инновациялық конструкторлар (Magfjrmeets Waveplay т.б), SMART орталықтар, Мультимедиялық орталықтар, «Арттерапия орталықтары», «Интерактивті құм орталығы», «Лекотека», «Дансаулық орталықтары, «Сенсорлық бөлмелер» мен «Тұзды үңгір» т.б. жабдықталған зертханалармен таныстырылды.

Болашақ мамандар инновациялық технологиялардың түрлерін балабақшада пайдалануда ең алдымен оның түрлерін нақтылап алу және оны тәжірибеге енгізуді жүзеге асырудың тиімді жолдарын айқындап алу қажет. Ол үшін инновациялық технологияны таңдау: әдебиеттермен танысу, аталған технология туралы нақты мәліметтер жинақтап, талдау жасау, оның көкейкестілігі мен мүкіндік баламаларын мектепке дейінгі ұйымның қызметінің негізгі бағытына сәйкестендіре қарастыру қажет. Педагог мамандардың кәсіби әлеуеті мен құзіреттілігі ескерілуі шарт. Инновациялық

технологияны оқу тәрбие үдерісіне енгізуге арналған бағдарлама дайындау және инновацияны тәжірибеде пайдалануға жағдай жасау көзделеді. Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық білім беруді басқару ұжымның шығармашылықпен жұмыс жүргізуіне тікелей байланысты және оған төмендегідей жағдай жасалу қажет:

- ұжымдағы жағымды, ынтымақты, береке-бірлікпен еңбек ету, достық жағдайдағы ахуалды қалыптастыру;

- міндеттерді шешу барысында дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолдану;

- педагогтардың тәртібі мен мінез-құлқындағы, ойлауындағы ерекшеліктерді және жеке дара қабілеттерін де ескеру;

- ұжымның тыныс-тіршілігінде эмоционалды көңіл-күй туындату және дүниені оптимистік тұрғыдан түйсінуге дағдыландыру;

- өзін қоршаған ортадағы кеңістіктің эстетикалық талаптарға сай болуын қадағалау;

- шығармашылықпен еңбек ететін тұлғаға «жетістікке жетуге» жағдай жасау;

- қалыптасқан жағдайды сақтау;
- ұжымдағы тәртіптің сақталуына ықпал ету;

- барлық іс-әрекет барысында дәлдік және уақытты дұрыс үнемдей білуге дағдылану;

- өзінің тарапына айтылған сынды дұрыс түсініп, қабылдай білу және одан нәтиже шығару;

- барлық уақытта ұжымдық іс-әрекетке қолдау көрсету, өзінің үлесін қосу және белсенді түрде араласу;

- бастаған ісін соңына дейін жеткізу, бәсекеге қабілетті болуға беймделу;

- әр уақытта ойы, сөзі, іс - әрекетінің дұрыс болуына баса назар аудару [5].

Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында болашақ мамандар ғылыми-зерттеу даярлығын жаңарту үшін инновациялық технологияларды пайдаланудың ерекшеліктерін жетік білуі керек. Ол үшін болашақ мамандардың төмендегідей мәселелерді басты назарда ұстанғаны дұрыс деп есептейміз.

Біріншіден, ғылыми-зерттеу даярлығын жаңартуда инновациялық технологияларды таратудағы негізгі элементтерді анықтап алу.

- жаңалықтың ерекшелік сипатының болуы;

- инновациялық қызметке толық берілген, соның ықпалындағы педагогтар, олардың жалпы және нақты жаңалықтарға қатынасы, әлсіз, мықты жақтары, сол сияқты қорқынышпен күдіктері инновацияның әр түрлі бағытта, әр түрлі дәрежеде дамуына мүмкіндік береді;

- жағдай жасу және жаңалықпен жоспарлау. Бұл үш элемент инновацияны іске асыруда жоспарлау мен басқару үдерістерінде тұтастықты көрсетеді. Жоспарлау-жүйелі істің құралы. Аталған факторлардың әр түрлі сипаттамалары инновацияның қаншалықты сатылы іске асырылғандығын және ол қиындықтардың табиғатын ашады. Инновацияның жемісті іске асуының тағы бір мүмкіндігі-барлық қосарлы факторларға көңіл аударылып, кешенді талдау жасауды қамтамасыз етуге де байланысты болады [5].

Екіншіден, инновациялық технологияларды жүзеге асыру жолдарын айқындау: алдымен мектепке дейінгі ұйымдардың стратегиялық даму бағдарламасына енгізу, толықтырулар жасау. Интернет – ресурстарды тиімді пайдалану және балабақшаның әкімшілік сайты жүйелеу қажет.

Үшіншіден, әдістемелік жұмыстарды инновациялық бағытта ұйымдастыру: оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелеріне тұсаукесер жасау: шығармашылық шеберлік, әдістемелік жұмыстар сайысы, шығармашылық портфолио, балалар портфолиосы, ата-аналар ынтымақтастығы т.б.

Төртіншіден, нәтижелерді анықтау: белгіленген нысан бойынша анықталған өлшемдер мен көрсеткіштерге сәйкес мониторинг жүргізу, алынған мәліметтерді саралау, талдау алдыңғы мәліметтермен салыстыру арқылы мүмкін болатын болжамдарды ұсыну, нәтижені талдау, қорытынды жасау.

Бесіншіден, инновациялық технологияларды күнделікті тәжірибеге енгізу: тәрбиеші педагогтардың озық іс-тәжірибесін тарату, насихаттау, ата-аналар қауымын инновациямен таныстыру және іс-әрекетке қатыстыру көзделеді [5].

Инновациялық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарда пайдалану дербес оқыту

технологиясы ретінде оқу-тәрбие үдерісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады. Болашақ тәрбиеші педагогтардың білім, білік сапасын арттыру және жаңа инновациялық технология түрлерін таңдай білу, одан шығатын нәтижеге

қол жеткізу әрбір маманның кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады. Инновациялық технологияларды енгізу білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының бүгінгі күннің талаптарына сай болғанда және педагог мамандардың әле-

1 Кесте

Инновациялық технологияларды пайдаланудың күшті және әлсіз жақтары

№	Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1	Мектепке дейінгі ұйымдардың материалдық базасының жақсы деңгейге көтерілгендігі	Инновациялық технологияларды пайдаланудағы нормативтік-құқықтық құжаттармен қамтамасыз етудің және педагогтердің кәсіби сауаттылығының жеткіліксіздігі
2	Балабақшаның даму стратегиясына сәйкес арнайы кабинеттердің жабықталуы: тұзды шахта, робототехника, интеллектум, сенсорлық кабинет, экологиялық зертханалар т.б.	Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде инновациялық технологияларды үйлестіру қажеттілігі, кез келген тақырыпқа ауысып, өздерінің бағыттарын өзгерте беретіндігі
3	Кластерлер бағыттары бойынша жыл бойында өткізілген іс-шаралардың сапасы арта бастағандығы	Перспективтік жоспар, циклограмма жазуда шығармашылық ізденіс және инновациялық технологияларды енгізудегі бірізді жүйе қалыптастыру қажеттілігі
4	Инновациялық технологияларды тиімді пайдалануға бағыт алғандығы	Сандық жүйеге көшудегі ерекшеліктердің ескерілуі төмен
5	Педагог тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін арттыруда шеберлік сыныптардың тиімділігі	Онлайн режиміндегі жұмыстарды жетілдіру және сандық жүйеге көшуге қатысты ресурстарды қарастыру қажеттілігі
	күдіктер мен кедергілер	мүмкіндіктер
1	Педагог мамандардың кәсіби құзіреттілігінің жеткіліксіздігі	Инновациялық технологияларды пайдалануда педагог мамандардың біліктілігін арттыруға жағдай жасалады
2	Ақпараттық техникалық құралдардың сай болмауы;	Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу құралы, ОӘК-дер дайындалуы
3	Инновациялық басқару менеджментінің дұрыс жолға қойылмауы	Инновациялық технологияларды оқып-үйрену, талдау, тәжірибеге енгізудегі халықаралық деңгейдегі білім беру ұйымдарымен байланыс орнатылуы
4	Инновациялық технологияларды жүзеге асырудағы үйлестіру жұмыстарының төмендігі және арнайы жеке қаржыландыру мәселесінің жеткіліксіздігі	Мектепке дейінгі ұйымдарда мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады

уетіне, біліктілік деңгейіне де байланыс болмақ. Осыған орай, инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдаланудың күшті және әлсіз жақтарын анықтап оны төмендегі кестеде көрсеттік.

Сызба кестеде ұсынылып отырған жетістіктер мен кемшіліктерді саралай отырып, күдіктер мен кедергілерді ескере келіп мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды пайдаланудың төмендегідей мүмкіндіктеріне тоқталамыз [6]. Олар:

-өздігінен білім ала жүріп, кәсіби тұрғыдан коммуникативті қарым-қатынасын қалыптастырып, оны өз тәжірибесінде әр түрлі туындаған мәселелерді шешуде тиімді қолдану арқылы өзгермелі өмірге еркін бейімделе білу және қоршаған әлеуметтік ортадан, өмірден өзінің орнын таба білуге дағдыландырады.

- өздігінен сыни тұрғыдан ойлану және іс-әрекетіне сын тұрғысынан қарай алуы, қазіргі шынайы болып жатқан мәселені жаңа технологияларды қолдану арқылы тиімді шеше білуге, оны көре білуге, жаңа идеялар туындатуы, шығармашылық тұрғыдан ойлануға ықпал етеді.

- креативтілік қабілеттерін дамытуға ықпал етіп, ақпараттармен сауатты түрде жұмыс жасай алуға үйренеді. (белгіленген мәселеге сәйкес фактылар жинақтай білу, талдау жасау, оның болжамын құру, қажетті жағдайда талдау, тарату, салыстыру, статистикалық мәліметтермен дәлелдеу, заңдылықтарын білу, нақты қорытынды жасай алу және оны жаңа туындаған мәселені шешуге пайдалана алу).

- кез-келген әлеуметтік ұйымдар мен топтар ортасында қарым-қатынас орната білуге, әр салада бірлесіп шешім қабылдауға және ұжыммен бірге жұмыс жасауға дайын болады, бірлескен еңбек нәтижесіне жетуге ұмтылдырады.

- өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілетін арттыруы, жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесінен хабардар бола отырып, өз жұмысының нәтижесін ұғынуы, жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асырылуын үздіксіз тәжірибеге енгізе біледі.

- педагогикалық инновацияның жаңа әдістері мен тәсілдерін өз бетінше тәжірибеде пайдалана алуы мен педагогикалық кертартпалықпен, догмамен, артта қалушылықпен белсенді күрес жүргізе біледі.

- педагогикалық еңбектің тиімділігі, оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың педагогикалық талаптары мен бағыттарының бірлігі артады; тәрбиеші-педагогтің беделі көтеріледі. Балалардың іс-әрекетті дербес орындауы, өмірлік дағды қалыптастыруы және қарапайым ойлауға үйренуі, оқу-тәрбие үдерісінде зерттеу тәсілінің педагогикалық қызмет үлгісіндегі ашылулары қамтамасыз етіледі [6].

Нәтижелері. Жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты - білім ұйымдарындағы білім беру үдерісіне жаңа инновациялық технологияларды жүйелі, тиімді енгізе білуге байланысты екендігі түсінікті. Сондықтан, ғылыми-техникалық өркендеуден қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір педагогтің негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны тиімді жүзеге асыруда әрбір педагогтің шығармашылық ізденісі негізінде өзі білмейтін мәселені шешуге қызығушылығының, ынта-ықыласының болуы және инновациялық технологияларды шығармашылықпен тәжірибеде пайдалануға дағдыланғаны маңызды болмақ.

Зерттеу нәтижесінде «6B012 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту педагогикасы» (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Астана халықаралық университеті) білім беру бағдарламаларына жаңартылған элективті курстар мен ғылыми-практикалық бағдарламалар енгізіледі. Оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру әзірленді және шығарылды: модификацияланған элективті курстардың оқу жоспарлары мен оқу құралдары, ғылыми-практикалық бағдарламалар.

Мектепке дейінгі білім беру мамандарының ғылыми-зерттеу дайындығының түрлендіру нәтижелерін қорытындылау бағытында іс-ша-


ралар ұйымдастырылады, мектепке дейінгі білім беру мамандарының ғылыми-зерттеу дайындығын өзгерту бойынша нұсқаулықтар әзірленеді. «Жоғары білім беруді модернизациялау жағдайындағы ғылыми-зерттеу қызметі: әлемдік тәжірибе және ұлттық басымдықтар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізіледі. «Жоғары оқу орындарындағы мектепке дейінгі білім беру мамандарының ғылыми-зерттеу дайындығының модернизациясы» ұжымдық монография дайындаулады.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар білімді ұйымдастырудың мейлінше жетілдірілген формаларын жасау және оларды оқытуда қолдану үшін жағдай туғызады. Дегенмен қазіргі кездегі оқыту әдістемелерін-


де, маман даярлауда жаңа оқыту технологияларының мүмкіндіктері толық жеткілікті түрде қолданылмауда, бұл өз кезегінде олардың дамуының қол жеткен деңгейімен, осы кезде қалыптасқан оқыту әдістемелері мен технологияларының арасында қарама-қайшылықтың пайда болуына алып келеді. Бұл қайшылықты шешу үшін педагогика ғылымы мен оқыту теориясынан терең ойластырылған, дербес білім беру міндеттерін шешуге бағытталған жаңа инновациялық білім беру технологияларын құру қажет.

Зерттеу нәтижелерін зерделей келе, қазіргі кезеңде студенттердің инновациялық технологияларды тәжірибеде тиімді пайдалануға деген қызығушылықтары мен ынта-ықыластарын анықтау үшін арнайы сауалнама алын-

Экспериментке дейін



Эксперименттен кейін



1 сурет. Инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдаланудың деңгейлік көрсеткіштері

ды. Зерттеу жұмысы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандықтарының 2 курс студенттерімен жүргізілді. Белгіленген өлшемдер мен көрсеткіштерге сәйкес жеткілікті, орташа және төменгі деңгейлерді анықтадық. Осы деңгейлерге байланысты модернизациялау жағдайында мамандарды даярлауда инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдалану барысында студенттердің аталған түсініктерді тәжірибе пайдаланудағы көсеткіштері экспериментке дейін жеткілікті деңгейі - 20%, орта деңгейі - 45%, төменгі деңгейі - 35% болған еді, эксперименттен кейін: жеткілікті деңгейі - 36% көтерілді, орта деңгейі - 50% көрсетіп, төменгі деңгейі - 14% төмендеді. Бұл нәтижелер төмендегі диаграммада көрсетілді [7].

Зерттеу барысында төмендегідей бірқатар кемшіліктерді анықтадық. Атап айтқанда:

- инновациялық технологиялар туралы студенттердің білім сапасының төмендігі;

- білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы;

- оқу әдістемелік еңбектер көптеп шығарылғанымен инновациялық технологияларды пайдалануға байланысты еңбектердің жеткіліксіздігі;

- студенттердің өздігінен білім алу дағдысының болмауы және инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдалану жолдарын жете түсіне алмауы;

- студенттер мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбектерінің болмауы.

Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды енгізу, әрбір болашақ мамандардың оған қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жағдай жасау қажет деп ойлаймыз.

ЖОО-да білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдалануды жүзеге асыру – ұзақ, әрі күрделі үдеріс. Анықталған деңгейлерді жетілдіру келесі кезеңдерден тұрады:

- оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдалану жолдарын игеру; білім беру мазмұнында оқу жұмысын ұйымдастыру түрі мен жаңа әдістерін меңгеру байланысты жұмыстар жүргізу;

- дәріс және семинар сабақтарда инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдалануды белсенді түрде оқу үдерісіне енгізу, осының негізінде педагогтың жаңа әдістер мен тәсілдерді тәжірибеде тиімді қолдануға дағдылану;

- үздіксіз білім беру мазмұнын оның барлық деңгейінде түбегейлі қайта құру; инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдалануды қолдануға сәйкес келетін оқытудың әдістемесін меңгеру [7].

Болашақ мамандардың инновациялық технологияларды пайдалануда – инновация туралы білімі болуы, инновацияны жан-жақты меңгеруі, инновациялық іс-әрекетті диагностикалауды меңгеруі, инновацияны тәжірибеге ендіруге дағдылануы шарт. ЖОО-да студенттер оқу үдерісінде инновациялық мәдениетті меңгеруге, оқытудың инновациялық әдістерінің көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлауды меңгерді. Бұл мәселені шешуде жаңа инновациялық әдістердің атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары жаңа инновациялық әдістерін меңгерту дүниежүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің басты мақсаты болмақ [8].

Қорытынды. Ойымызды қорытындылай келе, болашақ мамандар мектепке дейінгі ұйымдарда қызмет жасау барысында жаңалыққа жаршы болуды, кәсіби деңгейін, бала тәрбиесінің озық үлгілерін үйренуді басты назарда ұстануы қажет. Инновациялық технологияларды тәжірибеде пайдаланудың тиімді жолдарын жетік меңгеруге дағдалануы керек. Сонда ғана қазіргі таңдағы жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру және оны тәжірибеде пайдалану деңгейі көтеріліп, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің сапасы арттырылады. Тәрбиеші – педагогтың шығармашылық қабілеттерінің арта түсуі мен қатар өз қызметін әріптестерінің қызметімен салыстырады, оның тиімділігін бір ізді талап-

тар бойынша жан – жақты бағалауға үйренеді. Ұжымдық талдау жасауға өз жұмысын жүйелі тиімді ұйымдастыруға, өзінің кәсіби қасиеттерін өзіндік бағалау мен өзіндік тануға көшуге, өзіне және басқаларға талап қоя білуге үйренеді, өз қызметіне деген қызығушылығынтыңта-ықыласы артып, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде кеңесі. – Нұр-Сұлтан, 4.03. 2020.
2. Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2019.
3. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998. – 256 с.
4. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары.– Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2004. - 194 б.
5. Кукушкин В.С. Современные педагогические технологии. Начальная школа. – Ростов н/Д.: Изд-во “Феникс”, 2004. – 384 с.
6. Жұмабекова Ф.Н. Болашақ мамандардың жаңаша ойлауын қалыптастыруда инновациялық технологияларды пайдалану // Инновациялық ойшыл мамандарды кәсіби даярлау тұрғысындағы ҚР стратегиясы атты республикалық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2013. – Б. 99-102.
7. Нағымжанова Қ.М. Кәсіби педагогикалық білім беру технологиялары.- Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2007. – 152 б.
8. Инновациялық технологияларды білім беру үрдісіне ендіру – сапалы білім негізі: аймақтық ғылыми - әдістемелік конференцияның материалдары. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2019.- 261 б.

References

1. Memleket bashsyy K.K. Tokayev. «Cifryk Kazakstan» memlekettik bagdarlamasyн zhuzege asyru zhoninde kenesi [Head of state K.K. Tokayev - Council for the implementation of the state program «Digital Kazakhstan»] . – Nur-Sultan. 4 nauryz 2020 [in Kazakh].
2. Bilim berudi damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналган memlekettik bagdarlamasy [State program of education development for 2020-2025]. – Nur-Sultan, 2019 [in Kazakh].
3. Selevko G.K. Sovremennyye obrazovatel’nye tehnologii [Modern educational technologies] (Narodnoe obrazovanie, Moscow, 1998, 256 p.) [in Russian].
4. Mukametkali M. Mugalimderdi kyasibi pedagogikalyk innovacijalyk is-ereketke dajarlau zholdary [Ways to prepare teachers for professional pedagogical innovation] (Sarsen Amanzholov East Kazakstan Uneversity, Oskemen, 2004, 194 p.) [in Kazakh].
5. Kukushkin V.S. Sovremennyye pedagogicheskie tehnologii. Nachal’naja shkola [Modern pedagogical technology. Elementary school] (“Feniks”, Rostov n/D, 2004, 384 p.) [in Russian].
6. Zhumabekova F.N. Bolashak mamandardyn zhanasha ojлауын kalyptastyruda innovacijalyk tehnologijalardy pajdalanu [Use of innovative technologies in forming new thinking of future specialists], Innovacijalyk ojshyl mamandardy kyasibi dajarlau turgysyndagy KR strategijasy atty respublikalyk gylymi tezhiribelik konferencija materialdary [Materials of the Republican scientific and practical conference «strategy of the Republic of Kazakhstan in the context of professional training of innovative thinking specialists»] (Almaty, 2013, p. 99-102) [in Kazakh].
7. Nagymshanova K.M. Kasibi pedagogikalyk bilim beru texnologiyalary.-[Technologies of professional pedagogical education] (Sarsen Amanzholov East Kazakstan Uneversity press, Oskemen, 2007, 152 p.) [in Kazakh].

8. Innovacijalyk tehnologialardy bilim beru urdisine endiru – sapaly bilim negizi [Introduction of innovative technologies in the educational process-the basis of quality education] Ajmaktyk gylymi-edistemelik konferencijanyń materialdary [Materials of the regional scientific and methodological conference] (Taldykorgan, I. Zhansygirov Zhetysu University, 2019. 261 p.) [in Kazakh].

F.N. Zhumabekova¹, A.Zh. Saliyeva¹, Yu.S. Tokatligil¹, E.Vanhemping²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²Scandinavian Institute for Academic Mobility, Seinäjoki, Finland

The use of innovative technologies in the context of renewed research training for preschool professionals

Abstract. This article discusses issues of innovative technologies implementation in the context of updating the research training of preschool education specialists. The review of pedagogical and psychological literature, regulatory documents, domestic and foreign practice has been carried out. As a result of generalization of theoretical materials and their systematization, the ways, stages, tendencies of implementation of innovative technologies are determined. The results of a survey of the 2nd year students in “Pedagogy of preschool education and training” are presented in order to identify interest and motivation for the effective use of innovative technologies in practice.

Key words: modernization, competence, research training, innovative technologies, professional training, training of specialists.

Ф.Н. Жумабекова¹, А.Ж. Салиева¹, Ю.С. Токатлыгиль¹, Э. Ванхемпинг²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Қазақстан

²Скандинавский институт академической мобильности, Сейняйоки, Финляндия

Использование инновационных технологий в условиях обновления научно-исследовательской подготовки специалистов дошкольного образования

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные вопросы применения инновационных технологий в условиях обновления научно-исследовательской подготовки специалистов дошкольного образования. Проведен анализ педагогической, психологической литературы, нормативно-правовых документов, отечественной и зарубежной практики. В результате обобщения теоретических материалов и их систематизации определены пути, этапы, тенденции применения инновационных технологий. Представлены результаты опроса студентов 2 курса направления «6В012 – Педагогика дошкольного воспитания и обучения» с целью выявления интереса и мотивации к эффективному использованию инновационных технологий на практике.

Ключевые слова: модернизация, компетентность, научно-исследовательская подготовка, инновационные технологии, профессиональная подготовка, подготовка специалистов.

Авторлар туралы мәлімет:

Жумабекова Ф.Н. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, А.Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Салиева А.Ж. – корреспонденция үшін автор, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, А.Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Токатлыгиль Ю.С. – Ph.D., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің психология кафедрасының аға оқытушысы, А. Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Ванхемпинг Э. – Ph.D., профессор, Скандинавиялық академиялық ұтқырлық институтының ректоры, Сейняйоки, Финляндия.

Zhumabekova F.N. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Professor of Social Pedagogy and Self-Knowledge Department of L.N. Gumilyov ENU, 6 A.Yanushkevich Street, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Saliyeva A.Zh. – **Corresponding author**, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Deputy Dean for scientific work of the Faculty of Social Sciences of L.N Gumilyov ENU, 6 A.Yanushkevich Street, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Tokatligil Yu.S. – Ph.D., Senior Lecturer of Psychology Department of L.N. Gumilyov ENU, ENU, 6 A.Yanushkevich Street, 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Vanhamping E. – Ph.D., Professor, Rector of the Scandinavian Institute for Academic Mobility, Seinäjoki, Finland.